

## 2009 жылға халықтың нысаналы топтардағы жұмыссыз азаматтарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 8 сәуірдегі N 10/02 қаулысы. Қарағанды облысы Жезқазған қаласы Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 мамырда N 8-2-85 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 11 сәуірдегі N 09/04 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жезқазған қаласы әкімдігінің 2011.04.11 N 09/04 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңына сәйкес, халықты жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу шараларын кенейту мақсатында Жезқазған қаласының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Қосымшаға сәйкес халықтың нысаналы топтардағы жұмыссыз азаматтарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін, меншік түрлеріне қарамастан қала ұйымдарына "Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен тиісті шартқа отыру ұсынылсын, сонымен қатар еңбек шарттарына сәйкес алты ай мерзімге дейін жұмыссыз азаматтарды жұмысқа қабылдау жүзеге асырылсын.

3. "Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Б.М. Мырзаханов) белгіленген тапсырма және осы мақсатқа бөлінген қаражат шегінде ұйымдар берген қажеттілікке сәйкес жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік жұмыс орындарына уақытша жұмысқа орналастыру үшін жолдасын. Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген ең төменгі жалақысы көлемінен аспайтын сомада әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмысшылардың елу процент еңбек ақысын қабылдаған ұйымдарға өтесін. Қаражат ұйымдардың есеп-шотына жіберіледі.

4. "Жезқазған қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Байқасынов А.А.) 002 "Жұмыспен қамту бағдарламасы" бюджеттік бағдарламасының 102 " Халықты жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі

қосымша шаралар" ішкі бағдарламасы бойынша қала бюджетінде осы мақсаттарға қарастырылған қаражаттар шегінде қаржыландыруды жүзеге асырсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімінің міндетін атқарушы С. Филипович*

2009 жылғы 8 сәуірдегі N 10/02  
Жезқазған қаласы  
әкімдігінің қаулысымен  
бекітілген

**Халықтың нысаналы топтардағы жұмыссыз азаматтарын жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын ұйымдардың тізбесі**

NN	Ұйымдардың атауы	Жұмыс орындарының саны
1	"Мақсат" қоғамдық бірлестігі (келісім бойынша)	5
2	Жеке кәсіпкер Даулетбаева Ф. (келісім бойынша)	5
3	"Қалалық автокөлік жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны (келісім бойынша)	10
	БАРЛЫҒЫ:	20